

Бекітемін:

Қарағанды облысы білім басқармасының  
Балқаш қаласы білім бөлімінің  
"Әлихан Бекейханов атындағы  
№15 мектеп- лицейі" КММ  
директоры А.Т.Токейбекова

«Әлихан Бекейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ  
Мектеп-лицей оқушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі  
(01.09.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңесте бекітілген)  
2023-2024 оқу жылы.

- ✚ Мектеп оқушысы жалпы білім беру мемлекеттік стандартын толық менгеруіне құқылы;
- ✚ Оқуға арналған уақытты толық пайдалануға, өзінің білім аясын кеңейтуге ынтамен жұмыс істеуге, сабакқа жүйелі түрде дайындалу, сыныптан және мектептен тыс шараларға қатысу;
- ✚ Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында міндепті оқитын көркем әдебиетті отбасымен оқу;
- ✚ Мұғалімдер мен мектептің басқа қызметкерлерін қадір тұту;
- ✚ Мінез-құлық ережелерін сақтау: Улкендерді құрметтеу Басқа адамның ар-намысын қадірлеу Құқық бұзушылыққа жол бермеу мектеп-лицей мүліктеріне ұқыпты қарау;
- ✚ Медициналық байқау тәртібі бойынша белгіленген мерзімде медициналық байқаудан өту, қажет болса егілу;
- ✚ Оқушы сабакқа кешігіп келсе, мұғалім мектеп-лицей әкімшілігіне хабарлауы керек және ата-анасына ескерту жасау;

**Каникулдар:**

2023 - 2024 оқу жылына каникул кезеңдері:

1) 1-11 (12) - сыныптарда:

- күзді каникул -7 күн (2023 жылғы 30 қазан -5 қарашаны қоса алғанда);

- қысқы - 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан - 2024 жылғы 7 қантарды қоса алғанда);

- көктемгі - 11 күн (2024 жылғы 21 - 31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптар және мектепалды даярлық үшін қосымша каникул 2024 жыл 5-11 ақпан.

## • ОҚУ ТӘРТІБІ

Мектепте сабак 8:00-де басталады және кестеге сәйкес жүргізіледі. Оқушылар мектепке сабак басталардан 15 минут бұрын келуі тиіс.

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бүйрығының 75-тармақшасына сәйкес (Жалпы білім беру үйымдарының барлық түрінде оқушылар үшін сабактар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзіліс (2-ши немесе 3-ши сабактан кейін) 30 минутты құрайды.
- Жоғары сыныптың (7-11 сынып) оқу жоспарына сәйкес 36, 5-40 сағат 5 күндік оқу жүйесіне сыймағандық вариатив компонентіндегі факультатив сабактар мен үйірме, секциялар 6-шы күні (сенбі) жүргізіледі. Аудиоформалдық арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минуттан. Сенбі күні 7-11 сыныптардың оқу жоспарына сәйкес вариатив бөлімінің сағаттары (5 күндікке сыймаған) жүргізіледі. Сенбі күні вариатив сағаттарын жүргізетін мұғалімдер үшін жұмыс аптасы 6 күндік болып белгіленеді.
- 3.4. Оқушы мектепте бекітілген үлгідегі мектеп формасын киеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стилде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, Мектеп формасының түсі қою көк түс таңдалады.
- Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі, күнделікті, мерекелік және спорттық болып белінеді.
- Ұлдардың мектеп формасы:  
пиджак, жилет, шалбар, ақ жейде түймелері бар, классикалық галстук сидырмалы тоқылған курте/кардиган, (қыскы мезгілде: трикотаж жилет). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұру керек. Ер балалар ыңғайлы туфли киу керек, (кроссовки киуге тыйым салынады)
- Қыздардың мектеп формасы:  
пиджак, жилет, юбка, (юбканың ұзындығы (тізеден жоғары емес, 1-4 сынып 35-38 см, 5-6 сынып 38-40 см, 7-8 сынып 38-45 см, 9-11 сынып 40-50 см) мектеп-лицейдің (қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің, мектептегі өзін-өзі басқару үйымының шешімімен айқындалды) классикалық жейде, не түймелері бар немесе сидырмалы тоқылған курте/кардиган, (қыскы уақытта: шалбар, трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар классикалық үлгіде тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы керек. Әр қыз бала ыңғайлы, өкшесі 5 см-ден аспайтын туфли киу керек, (кроссовки киуге тыйым салынады)

✚ Шаш үлгісі үл балалар үшін классикалық, қыз балалар үшін өрілген бантик тағылған болуы тиіс. Шаш бояуға тыйым салынады. Мектеп ережесіне сәйкес окушы қыздарға косметика қолдануға, тырнақты өсіріп, бояуға тыйым салынады.

✚ Спорттық киім:

1-4 сынып оқушылары дene шынықтыру сабағында сары футболка, қара трико, спорттық аяқ киім, 5-7 сынып оқушылары көк футболка, қара трико, спорттық аяқ киім, 8-11 сынып оқушылары ақ футболка, қара трико, спорттық аяқ киім киеді. (денсаулығына байланысты анықтамасы бар оқушы дene шынықтыру сабағында талапқа сай формамен қатысу керек. (денсаулығына байланысты ДКҚК анықтамасы бар оқушы сабак барысында женіл дene жаттығуларын жасауы, физикалық жаттығулар арқылы денсаулықты нығайтуы, қозғалыс мәдениетін қалыптастыруды міндettі.)  
Сабакқа ұқыпты киіммен қатысу, маусымға сәйкес екінші аяқ киім кию міндettі.

✚ Мектеп ғимаратына бөгде адамдардың кіруіне қатаң тыйым салынады. Ата-аналар қажет жағдайда (жоспарланған іс-шараларға қатысу қажеттілігі туындағанда) белгіленген тәртіппен ғана кіре алады. Ата - аналар мұғалімдермен соңғы сабак аяқталғаннан кейін немесе мұғалімнің сабактан бос уақытында әңгімелесуге құқылы. Мектеп сабактан бос уақытында әңгімелесуге құқылы. Мектеп басшысымен, әкімшілік мүшелерімен белгіленген уақытта, келісім арқылы жолығуға болады.

✚ Оқушы сабакқа немесе жалпы мектеп-лицейішілік іс-шараларға нақты себептермен келмей қалса, ата - аналар медициналық анықтама тапсыруы керек.

Накты себептерге мыналар жатады:

- 1) жеке ауруы;
- 2) дәрігерге баруы (талон немесе анықтама ұсынылады);
- 3) міндettі түрде қатысады талап ететін отбасындағы шұғыл жағдайлар (ата - аналар өтінішімен расталады);

✚ Оқушы мектепте бекітілген үлгідегі мектеп формасын киеді. Сабакқа ұқыпты киіммен қатысу, маусымға сәйкес екінші аяқ киім кию міндettі.

✚ Егер оқушының денсаулығына немесе отбасылық жағдайларға байланысты сабак аяқталмай тұрып үйіне кетуі тиіс болса, ол мектеп-лицей директорына ескертіліп, сыннып жетекшісі ата - анамен хабарласып, ата-ана мектепке келіп оқушыны алып кетуі тиіс.

✚ Оқушылар мектеп аймағында жүргенде тәртіптілік, зиялдылық нормаларын сақтауы тиіс, өз білім мекемесінің ережелері мен дәстүрлерін құрметтеуі, жеке басының және үстаздарының, құрдастарының, мектеп-лицей

қызметкерлерінің, сонымен қатар, мектепке келушілердің ар - намыстарын жоғары бағалауы керек.

- ✚ Оқушылар мектеп-лицей ғимаратына және оның аумағына қоқыс тастауына, әкімшілік өкілдері, ұстаздар мен мектеп-лицей қызметкерлері тарапынан жасалған ескертулер мен талаптарға немікүрайды карауына жол берілмейді;
- ✚ Мектеп дәретханасын дұрыс пайдалану;
- ✚ Оқушылар темекі шегуге, насыбай атуға, энергетикалық сусындар ішуге қатаң тыйым салынады.
- ✚ Жалпыға ортақ жүріс - тұрыс ережелеріне сәйкес әрбір сабактың басында мұғалім келгенде, сондай-ақ оку бөлмесіне өзге де үлкен кісілер кіргенде оқушылар орындарынан тұрып қарсы алулары керек.
- ✚ Сабак аяқталып, қоңырау соғылса, тек қана мұғалім рұқсат еткен жағдайда ғана оқушылар оку бөлмесінен шыға алады.
- ✚ Сабак уақытында оқушылар мұғалімге, жолдастарына кедергі жасамау керек.
- ✚ Оқушы сабак кезінде белгілі себептермен мұғалімнен рұқсат алып, біршама уақытқа оку бөлмесінен шығуына болады.
- ✚ Сабак басталғанға дейін бос уақыт болса, оку процесі жүріп жатқан оку бөлмесі жаңында шулауға болмайды.
- ✚ Егер оқушы сабактан кейін мектепте қалатынын анық білсе, ол жайында ата - анасын хабардар етуі керек. Егер сабактар күнделікті уақыттан кеш аяқталады деп жоспарланса, оқушы немесе сынып жетекші ол жайында ата - аналарына ескертулері керек.
- ✚ Оқушылар өз бетімен мектептің мүлкіне, жиһазына, құрал жабдықтарына материалдық шығын тигізбеулері үшін мұғалім тәрбие жұмыстарын жүргізу керек. Оқушы тарапынан жасалған шығын үшін материалдық жауапкершілік ата - аналарға жүктеледі.
- ✚ Мектеп дәретханасын дұрыс пайдалану;
- ✚ Сынып оқушылары оқитын оку бөлмелеріне, мектеп ғимаратының ауласына тазалау жұмыстарын жүргізу үйімдастырылады.
- ✚ Мектеп-лицей оқушыларының мектеп-лицей ғимаратында, сабак барысында үялы телефонды пайдалануына тыйым салынады. Дыбыссыз қалыпта «оқушы - ата - ана», «ата - ана - оқушы» СМС хабарлама жіберуге ғана рұқсат етіледі. Телефон аппараты жоғалған жағдайда мектеп-лицей үжымы жауапкершілікті өз мойнына алмайды.